

«Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 100 АЕК-тен артық емес
микрокредит беру туралы шарттың (Қосылу шарты) стандартты талаптары
«Lemon Land Lombard» ЖШС сайтында жарияланған
<https://lmn.kz>

«Lemon Land Lombard» ЖШС микрокредит беру туралы шарттың (Қосылу шарты) осы стандартты шарттары 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу шарттарында «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңы) сәйкес микрокредиттеу бағдарламасы бойынша 100 АЕК-тен артық емес микрокредит беру туралы шарт жасасу мақсатында әзірленді, Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарттың осы Стандартты шарттарына тұтастай және сөзсіз ешқандай ескертусіз және наразылықсыз қосылу жолымен қабылдайды, мемлекеттік және орыс тілдерінде Ломбардтың <https://lmn.kz> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Стандартты талаптар қолданылған микрокредит беру туралы шарт «Lemon Land Lombard» ЖШС мен Қарыз алушы (бұдан әрі – Қарыз алушы, Өтініш беруші) арасында микрокредит (бұдан әрі – Кепіл билеті) берудің жекеше талаптарын қамтитын Кепіл билетіне және Кепіл билетінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын қосылу туралы өтінішке (шарттың бөлігі) қол қою арқылы жасалады.

Кепіл билеті және Микрокредит беру туралы шарттың (Қосылу шарты) стандартты талаптары бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және Микрокредит беру туралы шартты білдіретін бірыңғай құжатты құрайды және бұдан әрі бірлесіп Шарт, Микрокредит беру туралы шарт, Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) деп аталады. Кепіл билетінде және осы құжатта қолданылатын "Шарт", "Микрокредит беру туралы шарт", "Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті)" терминдері Кепіл билетінің мазмұнына да, сол сияқты осы құжаттың мазмұнына да қатысты.

Микрокредитті Ломбард Қарыз алушыға Микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Lemon Land Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру ережелері негізінде береді (бұдан әрі мәтін бойынша – Микрокредиттер беру ережелері).

Микрокредит беру туралы шарт және Ережелер "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 92 қаулысына (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес әзірленді.

1. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ
(қосылу шарттарымен жасалатын)

1.1. Микрокредит беру туралы шартқа және Кепіл билетіне сәйкес «Lemon Land Lombard» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Қарыз алушыға (Кепіл берушіге) – жеке тұлғаға Қосылу шартында және Кепіл билетінде белгіленген тәртіппен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік (бұдан әрі – «кепілге салынатын зат» немесе «кепіл мүлкі») кепілімен мақсатсыз микрокредит береді.

1.2. Ломбард пен Қарыз алушы осы Қосылу шартына қосылу мақсатында жасасатын Кепіл билеттері "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңында көзделген

микрокредит беру туралы шарттар болып табылады, күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің **жүз еселенген** мөлшерінен аспайды.

1.3. Микрокредит сомасы және микрокредит берудің өзге де жекеше талаптары Кепіл билетімен айқындалады. Бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайды. Қосылу шарты бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады.

Егер Микрокредит беру туралы шартта біреуден артық төлем (мерзімді ұзартуды есепке алмағанда) көзделген жағдайда, Қосылу шартына уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген нысан бойынша оның тараптары қол қойған, шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

1.4. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер: мақсатсыз.

1.5. Микрокредит беру тәсілі: микрокредит Ломбард кассасында қолма-қол ақша беру немесе кепіл нысанасын кепілге (кепіл мүлкіне) қабылдағаннан кейін Микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған күні Қарыз алушының есеп шотына аудару арқылы беріледі.

1.6. Микрокредит берудің шекті мерзімі микрокредит берілген күннен бастап **күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен** аспайды және Кепіл билетінде көрсетіледі. Мерзімін ұзарту талаптары Кепіл билетінде көзделген.

1.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: біржолата, Ломбард кассасына қолма-қол ақшамен немесе Ломбардтың келесі деректемелері бойынша қолма-қол ақшамсыз тәсілмен:

«Lemon Land Lombard» ЖШС

БСН 170540014050

ЖСК (шот) KZ756010131000354683

АО «Қазақстан Халық Банкі»

БСК HSBKKZKX

1.8. Қарыз алушының микрокредит сомасын өтеу (қайтару) әдісі және сыйақы төлеу Қарыз алушының таңдауы бойынша мынадай өтеу әдістерімен жүргізіледі:

- Дифференциалды төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- қосымша әдіспен (біржолғы төлем) – онда негізгі борыш пен сыйақыны өтеу Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімінің соңында жүргізіледі (Микрокредиттер беру ережелерінде көзделген жағдайда).

1.9. Қарыз алушы таңдаған өтеу әдісі Кепіл билетінде көрсетіледі.

1.10. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі.

Қарыз алушымен жасалған Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- Ломбардтың Қарыз алушының берешегін соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;

- тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- сыйақы бойынша берешек;
- негізгі борыш бойынша берешек.

1.11. Мерзімі өткен негізгі борышты уақытылы өтемегені және сыйақыны уақытылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі мен оның мөлшері:

микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс. Ломбард тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындау күнінен кейінгі күннен бастап есептейді. Егер Қарыз алушы кепілдік мерзімі өткеннен кейін кепіл мүлкін (кепілсалымын) сатып алса, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) мерзімі өткен бүкіл кезең үшін есептелуі мүмкін, бұл ретте Ломбард өз қалауы бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуді тоқтата тұруға құқылы.

1.12. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Ломбардқа сыйақы төлейді: жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде белгіленген.

Микрокредит нысанасын қоспағанда, Микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдер жиынтығында Микрокредит беру туралы шарт қолданылатын бүкіл кезең үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

1.13. Тараптардың келісімі бойынша Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартушы талаптармен 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі

1.14. Қарыз алушының Ломбардқа микрокредитті қайтаруды орындауын қамтамасыз ету болып табылады: республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілсалымы, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған көлік құралының кепілі. Кепіл мүлкінің (кепілсалымның) толық сипаттамасы Кепіл билетінде көрсетіледі. Қарыз алушы кепіл мүлкін (кепілсалымын) бағалаудың жалпы сомасымен келіседі, оның оған меншік құқығында тиесілі екенін, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық түсірілмегенін растайды.

1.15. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар Кепіл билетінің 1.3-тармағында көрсетілген.

Ломбард кепілдендірілген күту мерзімі өткеннен кейін (Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн) кепіл мүлкін (кепілсалымын) соттан тыс өткізуді жүзеге асырады. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып, кепіл мүлкін (кепілсалымды) соттан тыс өткізуді жүргізуге, оның ішінде сауда-саттық өткізбей және/немесе сауда-саттық жүргізе отырып, сондай-ақ Қарыз алушы (Кепіл беруші) Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде кепіл мүлкінің (кепілсалымның) Ломбардтың меншігіне өтуіне өзінің келісімін білдіреді. Ломбардтың кепіл мүлкін (кепілсалымын) пайдалану мүмкіндігі Шартта және қолданыстағы заңнамада белгіленген негіздер бойынша кепіл мүлкін (кепілсалымды) соттан тыс өткізуді, оның ішінде сауда-саттықты өткізбей өткізумен шектеледі. Кепіл мүлкін (кепілсалымын) өткізу микрокредит сомасын өтеу

мерзімі өткеннен кейін 1 (бір) айдан ерте емес сауда-саттықсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

Ломбардтың мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) Микрокредит беру туралы шарт шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы Кепіл билетінің 1.3-тармағында көрсетілген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард мынадай шараларды қолдануға құқылы:

1.15.1. Қарыз алушыдан микрокредит сомасын өтеуді және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету;

1.15.2. микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Кепіл мүлкінен өндіріп алу;

1.15.3. кепілдік берілген мерзім өткеннен кейін Кепіл мүлкін соттан тыс, оның ішінде сауда-саттықты жүзеге асырмай сату;

1.15.4. сотқа талап арызбен жүгіну немесе атқарушылық жазба жасауға өтініш беру;

1.15.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған кезде Қарыз алушының келісімінсіз құқықты (талап ету құқығы) үшінші тұлғаға беруді жүзеге асыру.

1.16. Кепіл билетінің қолданылу мерзімі: оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

1.17. Егер Ломбард жоғалту немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, кепілге салынған мүліктің (кепілсалымның) жоғалғаны, сақтылығы немесе бүлінгені үшін жауапты болады. Сондай-ақ, егер кепіл мүлкін (кепілсалымын) жоғалту немесе бүлдіру үшінші тұлғалар жасаған ұрлық салдарынан, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздік, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан болса, Ломбард жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүліктің сақтылығын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

1.18. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған барлық залалдарды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

1.19. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына жауапты болады.

1.20. Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер:

- мекенжайы: Индекс 050000, ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 251 А-үй, 1-ші негізгі тұрғын емес үй-жай, телефоны: (727) 274 64 53

- электрондық мекенжайы: land@lmn.kz

- Интернет-ресурсы: <https://lmn.kz>

1.21. Кепіл билеті Микрокредит беру туралы шарт және Кепіл шарты болып табылады.

1.22. Кепіл мүлкі Ломбардтың иелігінде және сақталуында қалады (кепілсалым).

1.23. Кепілдік берілген мерзім – күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайтын уақыт кезеңі, осы мерзім ішінде Ломбард кепіл мүлкін өткізу құқығын қолданбай, микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін ломбардта кепіл мүлкін сақтауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қарыз алушының құқықтары:

2.1.1. Микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша Ломбард тарифтерімен танысу;

2.1.2. алынған микрокредитке Микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда билік ету;

2.1.3. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау;

2.1.4. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу;

2.1.5. Ломбардқа тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

2.1.6. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгіну;

2.1.7. Ломбард Қарыз алушы - жеке тұлғаға "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Ломбардқа жазбаша нысанда Микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетінде) көрсетілген Ломбардтың электрондық поштасына жүгінуге, шартта көрсетілген заңды мекенжай бойынша Ломбардқа баруға шартта не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен мыналарға қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы:

- микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгертуге;

- микрокредит беру туралы шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

- берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

- микрокредит мерзімін өзгертуге;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

- кепілді және (немесе) өзге де мүлікті Ломбардқа беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беруге;

2.1.8. "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде (осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы) немесе "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының бесінші бөлігінде көзделген мерзімде Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгіну;

2.1.9. Ломбард жақсартатын талаптарды қолданған және Шартта көзделген тәртіппен шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар еткен жағдайда, Қарыз алушы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Ломбард қолданған жақсартатын талаптардан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Қарыз алушы Ломбардтың бөлімшесіне Ломбард қолданған жақсарту талаптарынан бас тарту туралы жазбаша өтінішті көзделген мерзімде ұсынады.

Ломбардтың микрокредит бойынша ай сайынғы төлемдерді ұлғайтпай микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп-бөліп төлеуді ұсыну шарттарында осы шартты жасасу «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабы 4-тармағының 3-бөлігіне сәйкес Қарыз алушы үшін осы жақсартатын талапты беруге Қарыз алушының келісімі деп танылады;

2.1.10. Қарыз алушы-әскери қызметші (сенімхат бойынша Қарыз алушы-әскери қызметшінің мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) Ломбардтың мерзімді әскери

қызметке шақырылуына байланысты берген кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтінішті жазбаша нысанда не Микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен жіберу арқылы Ломбардтың хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде бас тартуға құқылы;

2.1.11. алынған микроқаржылық қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушы (Өтініш беруші) Ломбардқа (Ломбардтың орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары мен интернет-ресурсы (бар болса) туралы ақпарат микрокредит беру туралы шартта көрсетілген), микроқаржы омбудсманына (пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 53 ғимарат, 3 қабат, 321 кеңсе, электрондық мекенжайы info@mfombudsman.kz, интернет-ресурс mfombudsman.kz), немесе Микрокредит беру ережелеріне және Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес сотқа жүгінуге құқылы;

2.1.12. өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына бір реттен жиі емес шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түскен ақшаны негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөлу туралы жазбаша нысанда ақпарат алу;

2.1.13. шарт бойынша берілген ақшаны Ломбардқа ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша нысанда өтеусіз алу;

2.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2.2. Ломбардтың құқықтары:

2.2.1. Қарыз алушыдан Микрокредит беру туралы шарт жасасу және ол бойынша Микрокредит беру ережелерінде айқындалған міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату;

2.2.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

2.2.3. Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржылық қызмет туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап ету құқығы) беру;

2.2.4. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыру;

2.2.5. Микрокредит беру туралы шарттың талаптары Қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларда, оларды біржақты тәртіппен өзгертуге. Шарттың талаптарын жақсарту жағдайлары Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасында белгіленген;

2.2.6. Егер шартта өзге мекенжай көрсетілмесе, атқарушылық жазба қарыз алушының (жеке тұлғаның) тіркелген жері не тұрғылықты жері бойынша жасалады;

2.2.7. тәуекелдерді бағалау және басқару мақсатында өз қызметін жүзеге асыру және (немесе) қызметтер көрсету кезінде жасанды интеллектті пайдалану. Ломбард жасанды интеллект жүйелерін қолдану арқылы қабылданған шешімдер үшін жауап береді;

2.2.8. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңында көзделген мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинау;

2.2.9. микрокредит бойынша берешек болған кезде берешекті қайтару жөніндегі жұмысты, оның ішінде Микрокредиттер беру ережелерінде көрсетілген әрекеттерді

жүзеге асыру;

2.2.10. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, мұрагерлік тәртібімен Қарыз алушының осындай мұрагерлерге өткен мүлкінің құны шегінде Қарыз алушының мұрагерлерінен берешегті төлеуді талап ету;

2.2.11. микрокредитті өтеудің қосымша әдісімен микрокредит беру бағдарламасы бойынша микрокредитті өтеу мерзімін ұлғайту;

2.2.12. Өтініш берушіні / Қарыз алушыны / Кепіл берушіні (ол болған кезде), міндеттемені (кепіл мүлкін) қамтамасыз етуге кепіл беретін үшінші тұлғаны суретке түсіруді жүзеге асыру, сондай-ақ Өтініш берушіні / Қарыз алушыны / Кепіл берушіні (ол болған кезде), міндеттемені қамтамасыз етуге кепіл берген үшінші тұлғаны көрсетілген әрекеттер туралы ауызша ескерткен кезде микрокредиттеу процесін бақылау мақсатында олармен сөйлесудің аудио және бейне жазбасын жүргізу;

2.2.13. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, микроқаржылық қызметімен қатар өзге де қызметті, оның ішінде құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асыру;

2.2.14. Ломбард бекіткен мөлшерлемелерге сәйкес Қарыз алушы ұсынатын кепіл затын бағалауды жүргізу;

2.2.15. қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда Қарыз алушы туралы ақпаратты ішкі істер органдарына беру, сондай-ақ ішкі істер органдарына кредиттік есеп беру;

2.2.16. Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2.3. Ломбардтың міндеттері:

2.3.1. тараптар Микрокредит беру туралы шартқа қол қойғаннан кейін микрокредит сомасын қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен беру;

2.3.2. орналасқан жері өзгерген немесе атауы өзгерген жағдайда, бұл туралы уәкілетті органды жазбаша түрде, сондай-ақ Ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі мерзімді баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы Қарыз алушыны, сондай-ақ Қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша не мұндай өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қарыз алушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабардар етуге;

2.3.3. Микрокредиттер беру ережелерінің көшірмесін Ломбардтың Қарыз алушысы (Өтініш берушісі) көруге және танысуға қолжетімді жерде, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) орналастыру;

2.3.4. Қарыз алушыға микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру;

2.3.5. Қарыз алушыны оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы хабардар ету;

2.3.6. қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңына (бұдан әрі - "Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы) сәйкес мәліметтер хабарлау...»;

2.3.7. микрокредит беру құпиясын сақтау;

2.3.8. Шарт бойынша Ломбард құқығының (талабын) үшінші тұлғаға ауысу талаптары бар шартты (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету;

құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ шартта көзделген, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін

тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқанға дейін;

- шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен құқығын (талап ету құқығы) басқаға беру шартын жасасқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ Негізгі борыштың, Сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа сомаларды көрсете отырып, орын алған құқықтың (талап ету құқығы) ауысуы туралы;

2.3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беру;

2.3.10. Қарыз алушыны осы тармақтың 4-бөлігінде көрсетілген тәсілдердің бірімен мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ету.

Көрсетілген хабарламада мыналар болуы тиіс:

1) хабарламада көрсетілген күнге Микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;

2) Микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;

3) Қарыз алушы - жеке тұлғаның Микрокредит беру туралы шарт бойынша оның міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;

4) Қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;

5) микроқаржы ұйымының қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі: Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; және/немесе Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған; және/немесе Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген телефон нөмірі бойынша смс-хабарлама жіберу; жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

Хабарламаны жеткізудің көрсетілген тәсілдері сондай-ақ қайтаруға тиесілі берешектің мөлшері туралы хабарламаларға, оның ішінде Қарыз алушының ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші, микрокредиттер беру ережелері шеңберінде жіберілетін өтініш берушілерге, қарыз алушыларға жауаптар, өзге де хабарламалар (анықтамалар, хабарламалар, жауаптар және т. б.) жатады;

2.3.11. Қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Қарыз алушы ұсынған Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру және Микрокредит беру туралы шарттың 2.3.10-тармағының 4-бөлігінде көзделген тәсілмен Қарыз алушыға мынадай шешімдердің бірі туралы жазбаша хабарлау:

- Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге келісім;

- Ломбардтың Қарыз алушыға Микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсынысы;

- бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына енгізуден **бас тарту**.

«Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-2-тармағында көзделген жағдайларда Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге міндетті, егер аталған өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтінішті Ломбардқа келесі Қарыз алушылардың кез келгені жіберсе:

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;

2) төтенше жағдай енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен.

Осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім Қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысы Қарыз алушы өтінішпен жүгінген не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда қабылданады.

2.3.12. Ломбард Шартта көзделген тәртіппен жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Қарыз алушыны Микрокредит беру туралы шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар ету;

2.3.13. мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне Микрокредит беру туралы шарт бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақы есептемей, мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсыну.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың қызметтен босатылуы, микрокредиттің бар немесе жоқ екендігі, ол бойынша төлемді кейінге қалдырудың берілуі туралы мәліметтермен алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдардың және кредит бюроларының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3.14. Ломбард Микрокредит беру туралы шартқа қызмет көрсету кезеңінде Қарыз алушының сұрау салуын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының сұрау салуында көзделген нысанда және/немесе Қарыз алушының сұрау салуы жіберілген тәсілмен және/немесе Микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен Талаптардың 31-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынады;

2.3.15. Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Ломбард өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен берешектің жоқтығы туралы анықтама береді.

Егер Қарыз алушының өтінішінде қосымша мәліметтер және (немесе) ақпарат сұратылса, онда өтініш Талаптардың 109 және 110-тармақтарында белгіленген мерзімдерде қаралады;

2.3.16. Қарыз алушының өтініші бойынша Ломбард 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне Қарыз алушының келіп түскен ақшасын бөлу туралы жазбаша нысанда айына 1 (бір) реттен жиі емес өтеусіз ақпарат береді. Айына 1 (бір) реттен жиі ақпарат беру осындай шарттармен жүзеге асырылады;

2.3.17. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген ақшаны Ломбардқа ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша Ломбард жазбаша нысанда немесе Микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз оған негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшерін хабарлайды;

2.3.18. Қарыз алушының өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түскен ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлға, өсімпұлға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда тегін ұсыну;

2.3.19. Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау;

2.3.20. берешекті сырттай қайта қаржыландыру мақсатында микрокредит беру кезінде Қарыз алушының қайта қаржыландырылатын банктік қарыз (микрокредит) берген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банк шотына микрокредит сомасын есепке жатқызуға келісімін алу және төлемнің тағайындамасында Қарыз алушы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндерін көрсете отырып, аталған екінші деңгейдегі банктің банк шотына ақша аударуды жүргізу;

2.3.21. Микрокредит беру туралы шартта, сондай-ақ микрокредиттер бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты тарату кезінде, оның ішінде оны жариялау кезінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсету;

2.3.22. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну;

2.3.23. Қарыз алушы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірін), сондай-ақ шарттардың нөмірлері мен күндерін көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктен немесе өзге де ұйымнан банктік шотқа төлем түскен кезде Қарыз алушыдан ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы өтінішті талап етпей, олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, нұсқауда көрсетілген микрокредит (микрокредиттер) бойынша берешекті өтеу шотына ақшаны жолдау. Микрокредитті толық мерзімінен бұрын өтеу үшін сома жеткіліксіз болған кезде Ломбард Микрокредитті беру туралы шартта белгіленген тәртіппен оның банктік шотына түскен сомаға тең сомаға микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады.

Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Ломбард негізгі борыш, есептелген сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бөлінісінде берешектің қалдығын көрсете отырып, берешекті толық не ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыны хабардар етеді;

2.3.24. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

2.4. Қарыз алушының міндеттері:

2.4.1. алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша Кепілді билетте белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы төлеу;

2.4.2. осы Микрокредит беру туралы шартқа, Микрокредит беру ережелерге және

қолданыстағы заңнамаға сәйкес Ломбард сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

2.4.3. Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару бойынша шығындарды өтеу;

2.4.4. Ломбардқа өзінің анкеталық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерді орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлау;

2.4.5. мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қоюы және/немесе алуы нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеу;

2.4.6. жеке куәлікті (төлқұжатты), тұрғылықты жерін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын ауыстырған, сондай-ақ сауалнамада көрсетілген өзге де мәліметтерді, байланыс деректерін/деректемелерін өзгерткен кезде, осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа хабарлама жолдау;

2.4.7. өзге де талаптарды орындау, сондай-ақ кепіл билетінде, микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жауаптылықта болу.

3. ЛОМБАРД ҮШІН ШЕКТЕУЛЕР МЫНАЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛУДЫ КӨЗДЕЙДІ:

3.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

3.2. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3.3. Кепіл билетінің қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және Кепіл билетінің талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайту;

3.4. Микрокредит сомасын толық немесе ішінара Ломбардқа мерзімінен бұрын қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап ету;

3.5. Микрокредит беру шарты бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

3.6. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

3.7. кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Кепіл билеті бойынша микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

3.8. кепіл мүлкін (кепілсалымын) пайдалану және оған билік ету;

3.9. борышкердің Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа, сондай-ақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру;

3.10. Микрокредит беру туралы шарт бойынша бір қарыз алушыға қатысты құқықты (талап ету құқығы) бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.

3.11. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде Ломбард микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес;

3.12. Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған

сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес;

3.13. қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға тыйым салынады;

3.14. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа жүгінуге жол берілмейді;

3.15. Ломбардқа үшінші тұлғалардан берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекпен байланысты ақпаратты жинау бойынша қызметтерді алуға тыйым салынады, бұған мұндай қызметтерді Ломбардқа коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания көрсететін жағдайлар қосылмайды;

3.16. Берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

3.16.1. берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге;

3.16.2. берешек коллекторлық агенттіктің жұмысында болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ аталған кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге.

3.17. Қарыз алушы - жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз мүлікті кепілмен қамтамасыз етілмеген, тіркеуге жататын, оны алу тәртібі мен тұтынушылық микрокредиттің ең төменгі мөлшері, ол бойынша келісім қажет болатын тұтынушылық микрокредиттерді беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады;

3.18. мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде осындай әскери қызметшіні микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған кезде микрокредиттер беру.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы мәліметтермен алмасу, сондай-ақ оларды қызметтен босатылуы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ломбард мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісіне микрокредит берген жағдайда, микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде мұндай әскери қызметшіні мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған жағдайда, Ломбард осындай микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы емес және мұндай микрокредит беру фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабы 14-тармағында көзделген шараларды қабылдайды.

3.19. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу.

3.20. қарыз алушы үшін жақсарту жағдайларын қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

1) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

2) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерту;

3) мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін қамтитын кезеңге және ол аяқталғаннан кейін күнтізбелік алпыс күнге кейінге қалдыру және (немесе) микрокредит бойынша төлемдерді бөліп төлеу.

Микрокредит беру туралы шартта қарыз алушы үшін жақсартатын шарттардың қосымша тізбесі көзделуі мүмкін.

Ломбард жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен микрокредит беру туралы шарт талаптарының өзгергені туралы хабарланады.

3.21. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін мөлшердегі сомадан асатын тұтынушылық микрокредит беру;

3.22. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген тауар таңбасын (тауар таңбаларын) пайдалану.

4. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген жауаптылықта болады.

4.2. Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және (немесе) шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін Қарыз алушы Ломбардқа мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 % (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті (Микрокредит және (немесе) сыйақы төлеу сомасын қайтару жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы).

4.3. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар Ломбард Кепіл билетінің 1.3-тармағында көрсетілген шараларды қабылдауға құқылы.

4.4. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда шарт бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) өтеді.

4.5. Форс-мажорлық мән-жайлар тараптардың шарт бойынша міндеттемелеріне қолданылмайды.

5.МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, қосымша келісім жасайды және Қарыз алушыға береді.

5.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде сыйақының кейінгі сомасы негізгі борыштың қалдығына қайта есептеледі және Қарыз алушыға Қосымша келісім беріледі.

5.3. Микрокредит беру туралы шартты Ломбард ұзартуы мүмкін (Ломбард қалауы бойынша мерзімін ұзартудан бас тартуы мүмкін). Тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын талаптарда микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұлғайтуға жол беріледі.

5.4. Ломбард осы құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар (егер оларда өзгеше көзделмесе) Ломбардтың <https://lmp.kz> сайтында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған Микрокредит беру туралы шарттарға (Кепіл билеттеріне) қолданылады.

6. ЛОМБАРДТЫҢ МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫ (ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ) БАСҚАҒА БЕРУІ

6.1. Ломбард Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға берген кезде Шарт шеңберінде Ломбардтың Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету құқығы) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына, ал құқықтар берілген жағдайда микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талап ету құқығы) берілген үшінші тұлғамен өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасында микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

6.2. Ломбардтың шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады. Бұл тыйым тек келесі тұлғаларға қатысты қолданылмайды: екінші деңгейдегі банкке; коллекторлық агенттікке; осыған ұқсас қызмет түрін жүзеге асыратын микроқаржы ұйымына; секьюритилендіру мәмілесі шеңберінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына; Кредитор қамтамасыз етілген облигациялар шығарған немесе қарыздар алған кезде шарт бойынша талап ету құқықтарының кепіл ұстаушысы болып табылатын заңды тұлғаға; микроқаржы ұйымдарында қаражатты шартты түрде орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шеңберінде жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша – жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорына; кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты қарыз алушы – жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт, сондай-ақ қарыз алушы – заңды тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарға (талап ету құқығы) қатысты, егер көрсетілген микрокредиттер бойынша құқықты (талап ету құқығы) беру күніне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері болса, өзге тұлғаға.

Ломбардтың кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғаның микрокредит шарты бойынша (талап ету) құқығын қолданыстағы заңнамада көзделген мерзім өткенге дейін коллекторлық агенттікке беруіне тыйым салынады.

7. БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

7.1. Ломбард Микрокредит беру туралы шарттың 2.3.10-тармағының 4-бөлігінде көрсетілген тәсілдердің бірімен мерзімін өткізіп алу туындаған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Микрокредит беру туралы шарт бойынша ақшалай

міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың туындауы туралы Қарыз алушы - жеке тұлғаны жазбаша хабардар етуге міндетті.

Көрсетілген хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
- 3) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша оның міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;
- 4) Қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;
- 5) Ломбардтың қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда Ломбард Қарыз алушыны "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабында көзделген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етеді. Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген немесе Микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушы Ломбардқа хабарлаған Қарыз алушының тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы туралы хабарлама Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді. SMS-хабарлама, push хабарлама немесе мобильді қолданба (бар болса) арқылы жіберілетін хабарламада "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген ақпарат, сондай-ақ Талаптарға 7-қосымшада көзделген Ломбардтың интернет-ресурсында және (немесе) мобильді қолданбасында (болған жағдайда) орналастырылған ақпаратқа сілтеме көрсетіледі.

7.2. Ломбард Қарыз алушыға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Ломбардқа жазбаша нысанда және (немесе) Микрокредит беру туралы шартта, Микрокредит беру ережелерінде көзделген тәсілмен жүгінуге, оның ішінде шартта көрсетілген заңды мекенжай бойынша Ломбардқа баруға және (немесе) қатысты ұсыныспен Ломбардтың электрондық поштасына мыналарға қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы:

- 1) микрокредит беру туралы Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгертуге;
 - 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;
 - 3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға;
 - 4) берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
 - 5) микрокредит мерзімінің өзгеруіне;
 - 6) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;
 - 7) Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ақысы ретінде кепілге қойылған және (немесе) өзге де мүлікті Ломбардқа ұсыну.
- Ломбардтың көрсетілген өтінішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, Қарыз алушының ағымдағы кірістері, микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Қарыз алушының өтінішін негіздейтін басқа да мән-жайлар туралы мәліметтер болуға тиіс.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау тәртібі, Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы Қарыз алушының өтінішіне қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарттың

талаптарына өзгерістер енгізу туралы Қарыз алушылардың өтініштерін қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды Ломбардпен хабардар ету тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

7.3. Ломбард Қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген өтінішін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) Қарыз алушы ұсынған талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруға және Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартқа көзделген тәсілмен Ломбард қабылдаған мынадай шешімдердің бірі туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті:

- 1) Қарыз алушы ұсынған Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге келісім туралы;
- 2) Қарыз алушыға Микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) өзгерістер енгізу туралы Ломбардтың қарсы ұсынысы (кепіл билеті);
- 3) Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына осындай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тартуы туралы.

Қарыз алушының Ломбардпен бірнеше шарты болған жағдайда, өтінішті қарау және шешім қабылдау әрбір шарт бойынша бөлек жүзеге асырылады.

7.4. "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтініші бойынша Ломбард шешімін "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабының 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарды ескере отырып, жеке тұлғалардың (Қарыз алушылардың) микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі Ломбардтың ішкі тәртібіне сәйкес қабылдайды.

Жеке тұлғалардың (Қарыз алушылардың) микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі ішкі Ережелерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7.5. Ломбард "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 3-2-тармағында көзделген жағдайларда "Микроқаржылық қызмет туралы" ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына шарт бойынша комиссиялар және (немесе) өзге де төлемдер төлеуді талап етпей, кемінде үш ай мерзімге өзгерістер енгізуге міндетті, егер аталған өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтінішті келесі Қарыз алушылардың кез келгені Ломбардқа жіберсе:

- 1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындар;
- 2) төтенше жағдай енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккендер.

Ломбардтың микрокредит беру туралы шартқа «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-1-тармағында көрсетілген өзгерістерді енгізуі төмендегі шарттардың кез келгені болған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) Қарыз алушы өтініш жасаған айдың алдындағы екі ай үшін есептелген орташа айлық табысы, аталған Қарыз алушы өтініш жасаған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеуі
- 2) Қарыз алушының Ломбардқа жүгінген сәтінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуы.

7.6. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде Ломбард микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

7.7. Ломбард пен Қарыз алушы арасында Шарт талаптарын өзгерту туралы келісімге қол жеткізген кезде мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі Ломбард тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды. Көрсетілген мерзім

Ломбардқа тәуелді емес себептер бойынша өзгерістер енгізуге кедергі келтіретін жағдайларда қолданылмайды және олар жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

7.8. Ломбард Шарт талаптарын өзгерту жөнінде қарсы ұсыныстар жіберген жағдайда Қарыз алушы жауапты ұсыну мерзімін Ломбардтың хатында көрсетеді және Қарыз алушы Ломбардтың тиісті шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

7.9. Қарыз алушы «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбард пен Қарыз алушы арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеу микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып саналады. Көрсетілген мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

7.10. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарын іске асырмаған не Қарыз алушы мен Ломбард арасында микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда Ломбард:

- 1) Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға құқылы.
- 2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы.

Берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге микрокредит беру туралы шартта Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген жағдайда Ломбардтың коллекторлық агенттікті тарту құқығы болған кезде жол беріледі.

Ломбард берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға Микрокредит беру туралы шартта, коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, Ережелерде көзделген тәсілмен хабарлайды;

3) осы Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) және қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, микрокредит бойынша құқықтарды (талап ету құқығы) басқа тұлғаға беруге; бұл ретте Қарыз алушының ақшалай міндеттемесі бойынша мерзімін өткізіп алу уақыты қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асқан жағдайда жол беріледі

Осы тармақшаның ережелері Қарыз алушыға қатысты "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану жағдайларына қолданылмайды.

4) "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген шараларды қолдану, оның ішінде Микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгіну, сондай-ақ кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен өндіріп алу немесе сот тәртібімен.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушы - жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгіну.

7.11. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар:

- микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Кепіл мүлкінен өндіріп алу;
- сауда-саттықты өткізбестен кепіл нысанасын сату;
- сауда-саттық өткізу арқылы кепіл затын соттан тыс тәртіппен өткізу, сондай-ақ сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда кепіл затын өз меншігіне айналдыру;

- микрокредит және сыйақы сомасын ауызша/жазбаша тәртіппен төлеуді талап ету;
- микрокредит беру туралы шартта көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеу;
- микроқаржылық қызмет туралы заңнаманың талаптары сақталған кезде Қарыз алушының келісімінсіз шарт бойынша құқықты (талап ету құқығы) үшінші тұлғаға беруді жүзеге асыру;
- сотқа талап қоюмен жүгіну;
- "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алу;
- берешекті коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беру;
- атқарушылық жазба жасауға өтініш беру.

7.12. Ломбардтың мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) шарт (кепіл билеті) шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы Кепіл билетінің 1.3-тармағында жазылған талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

7.13. Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда, Қарыз алушыға міндеттеме орындалмаған күннен кейінгі күннен бастап, оның ішінде микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту жөніндегі міндеттемелер бойынша, кемінде 1 (бір) ай жеңілдік кезеңі берілуі мүмкін, осы кезең ішінде Ломбард кепіл нысанасын сауда-саттық өткізбей өткізуге не кепіл нысанасын соттан тыс тәртіппен өткізуге немесе оны өз меншігіне айналдыруға құқылы емес.

7.14. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 328-бабының 2-1-тармағына сәйкес Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт (кепіл билеті) кепіл нысанасының сатылуына немесе мұндай мүліктің кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепілге салынған мүлікті сату, сондай-ақ осындай мүлікті Кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өту кезінде Ломбардтағы заттар (кепіл билеті) кепілі туралы шарттың тоқтатылуымен бір мезгілде Кепіл беруші болып табылатын Қарыз алушының міндеттемесі және микрокредит беру туралы шарт тоқтатылады.

7.15. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 328-бабының үшінші абзацына сәйкес, микрокредит беру туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін жасалған Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт (кепіл билеті) бойынша кепіл нысанасын (кепіл мүлкін) өткізу, сондай-ақ мұндай мүліктің Кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуі микрокредитті өтеу мерзімі өткен күннен кейін кемінде 1 (бір) ай өткен соң ғана сауда-саттық өткізілместен жүзеге асырылуы мүмкін.

7.16. Кепіл затын сату (сауда-саттықты өткізу жолымен және сауда-саттықты өткізбей) Ломбардтың ішкі құжаттарына сәйкес, сауда-саттықты өткізу тәртібін, кепіл затының (кепіл мүлкінің) Ломбардтың меншігіне айналуын реттейді.

8. ӨЗГЕ ШАРТТАР

8.1. Кепіл билетіне қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге және пайдалануға (қағаз тасығыштарда және/немесе Ломбардтың массивтерінде және/немесе деректер базасында электрондық форматта жинауды, өңдеуді және сақтауды қоса алғанда), сондай-ақ Ломбардпен ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы ақпарат беруге, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге және кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді Ломбардқа және ішкі істер органдарына беруге сөзсіз жазбаша келісім береді.

8.2. Ломбардтың Қарыз алушыға жолдайтын кез келген хабарламалары, соның ішінде кепіл мүлкін сауда-саттыққа салу туралы хабарламалар, егер мұндай хабарламалар Ломбардтың таңдауы бойынша төмендегі тәсілдердің бірімен жолданса, тиісті тәсілмен

ресімделген және Қарыз алушыға жеткізілген деп есептелетінімен Тараптар келіседі және оны растайды:

8.2.1. мәтіндік хабарлама түрінде, оның ішінде Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының мобильді нөміріне SMS-хабарламалар, push-хабарламалар (мәтіндік хабарламалар /фотосуреттер/суреттер алмасу қосымшасының мессенджерлерін қоса алғанда) және /немесе;

8.2.2. Кепіл билетінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына және/немесе;

8.2.3. Кепіл билетінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса және/немесе;

8.2.4. хабарламаны тікелей Қарыз алушыға тапсыру жолымен және/немесе;

8.2.5. хабарламаны/хабарландыруды жергілікті баспасөзде, Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) ресми жариялау арқылы.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. Хабарламаны/хабарландыруды жергілікті баспасөзде, Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) ресми жариялаған жағдайда хабарлама/хабарландыру ол жарияланған сәттен бастап жеткізілді деп есептеледі.

8.3. Қарыз алушы өз міндеттемесін тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард кепілдік берілген кезеңнен кейін Кепіл мүлкін соттан тыс сатуды немесе мүлікті Ломбардтың меншігіне көшіруді жүргізетіндігімен келіседі.

Егер кепіл мүлкін сату кепіл билетінде көрсетілген бағалау құнынан төмен баға бойынша жүргізілген жағдайда, онда негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (шығындарды) жабу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде Ломбард қарыз алушының басқа мүлкі есебінен өтеу құқығын өзіне қалдырады.

8.4. Қарыз алушының Ломбардтағы Кепіл билеті бойынша міндеттемелері кепіл затының сатылуына немесе мұндай мүліктің кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепілге салынған мүлік сатылған, сондай-ақ мұндай мүлік кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өткен кезде Кепіл билетінің қолданылуы мен бір мезгілде кепіл беруші болып табылатын қарыз алушының міндеттемесі бір мезгілде тоқтатылады.

Міндеттеме тоқтатылғаннан кейін Қарыз алушының Ломбардқа шағымдары болмайды.

8.5. Осымен Қарыз алушы хабарламаларды (хабарландыруларды) e-mail (электрондық пошта), ұялы байланыс операторларының және/немесе телекоммуникациялық қызметтерді өзге де жеткізушілердің мобильді қолданбалары, SMS-хабарламалар, push-хабарламалар арқылы жіберуге, ұялы (ұялы) және Ломбардқа белгілі басқа да телефондарға қоңырауларды жүзеге асыруға келісім береді және осы мәселе бойынша шағымдар мен даулар тудырмауға міндеттенеді.

8.6. Микрокредит беру туралы шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушыға берілген микрокредит туралы құпияны Қарыз алушының өзіне, оның өкіліне, үшінші тұлғаға, оның ішінде Ломбардтың мүддесін білдіретін үшінші тұлғаларға, микроқаржы омбудсманына, коллекторлық агенттіктерге, нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, сондай-ақ микрокредитті беру, оған қызмет көрсету және оны өтеу мақсатында өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ашуға жазбаша келісім береді, сондай-ақ Қарыз алушыға негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің туындағаны туралы хабарлау, сондай-ақ микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу және (немесе) микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару қажеттігі туралы талапты жіберу мақсатында осындай ақпаратты ашуға келісім береді.

8.7. Ломбард пен Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шартта Ломбард пен Қарыз алушы өз мүдделерін негізге ала отырып, өзгерткісі немесе жойғысы келетін қандай да бір шарттар жоқ екенін растайды, сондай-ақ Шарт жасасқан кезде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

8.8. Қарыз алушы кепіл билетінде өзінің қолымен Ломбардтың микрокредиттер беру ережелерімен танысқанын, микрокредит алғанға дейін оның шығындары туралы, микрокредит алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де шарттар туралы, сондай-ақ микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгенін растайды.

8.9. Қарыз алушы мыналар туралы мәлімдейді және кепілдік береді:

8.9.1. кепіл мүлкі (кепілсалымның) оған меншік құқығымен тиесілі

8.9.2. оның өз атынан осы Шартты жасасуға құқығы бар;

8.9.3. осы Микрокредит беру туралы шарт Қарыз алушының осы Шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын жарамды және заңды күші бар міндеттемесін білдіреді;

8.9.4. осы Микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған кезде оның төленбеген салықтар бойынша міндеттемелері және кейіннен Қарыз алушының төлем қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін басқа да міндеттемелері жоқ.

8.9.5. микрокредит алу мақсатында Қарыз алушы берген микрокредит беру туралы өтінішке өз қолы қойылып, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8.10. Кепіл билеті қазақ және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалады. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алу туралы келісімге келді.

8.11. Ломбард пен Қарыз алушының Кепіл билетімен және Қосылу шартымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8.12. Ломбардта филиалдар мен қосымша үй-жайлар (бөлімшелер) болған кезде олардың тізбесі мен мекенжайлары Ломбардтың сайтында (бар болса) не ломбардтың бөлімшесінде (бөлімшелерінде) ақпараттық стенділерде жарияланады. Филиалды құру және оның қызметін тоқтату, қосымша үй-жайларды (бөлімшелерді) ұлғайту және азайту тәртібі, сондай-ақ осындай өзгерістер туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері Заңда көзделген.

8.13. Ломбардтың филиалдары (Ломбардтың қосымша үй-жайлары) микрокредиттер беру жөніндегі қызметті Микрокредиттер беру ережелері және Ломбардтың басқа да ішкі актілері негізінде жүзеге асырады.

8.14. Қарыз алушы микрокредит бойынша алынған қаражат терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыруға және ақшаны жария етуге пайдаланылмайтынына кепілдік береді.